

Текелі қаласы бойынша шетелдіктер үшін туристік жарнаның мөлшерлемелерін бекіту туралы

Жетісу облысы Текелі қалалық мәслихатының 2022 жылғы 23 тамыздағы № 18-90 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылы 5 қыркүйекте № 29397 болып тіркелді

Ескерту. 01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі - осы шешімнің 2-тармағымен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 2-10 тармағына, "Шетелдіктер үшін туристік жарнаны төлеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 5 қарашадағы № 787 қаулысына сәйкес, Текелі қалалық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Туристерді орналастыру орындарындағы шетелдіктер үшін туристік жарнаның мөлшерлемелері 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап 31 желтоқсанды қоса алғанда – болу құнының 0 (нөл) пайызы бекітілсін.

2. Осы шешім 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Текелі қалалық мәслихатының хатшысы

Н. Калиновский